

Соңғы жылдары елімізде мәдениет саласын дамытуға айтарлықтай көңіл бөліне бастады. Елбасының Жарлығымен бір жылды тұтастай “Мәдениет жылы” деп жариялап, руханияттың дамуына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, әжептәуір іс-шаралар жүзеге асырылды. Қазіргі кезде Республика Президентінің бастамасымен “Мәдени мұра” бағдарламасы кең көлемде жұмыс істеп, халқымыздың сонау көне заманнан бастау алатын рухани игіліктері ел кәдесіне жаратылуда. Бұдан елдің



— **Қадірлі Ақселеу Сланұлы, әңгімені ең алдымен жалпы мәдениеттің қайнар көздері қайда деген сауалға жауап іздеуден бастасақ...**

- Мәдениет, мәдениеттілік, оның қайнар көздері жөнінде, бәлкім, жоғары оқу орнының студенттеріне бір семестр лекция оқығанның өзінде бұл мәселенің анық-қанығын түгел айтып тауыса алмауымыз мүмкін. “Мәдениет деген не?” дегенде мына бір жәйттер еске түседі. Осы соңғы бір-бір жарым, әрі кетсе екі ғасырдың аясында қазақ халқына бұл ұғымның не екенін, оның өзіндік қандай тарихи мәнінің барын үнемі басқаша түсіндірдік, басқаша жолға итермелеп, басқаша мәдени үлгілерді ұсынумен келдік. Сондықтан халықтың шынайы мәдениеттің не екенін білмей қалуы, өтірік мәдениетке еліктеуі, не болмаса өзінің дәстүріне, өмір салтына сай келмейтін мәдениетке бой ұруы, сөйтіп, өзіндік мәдени бағыт-бағдарынан айырылып қалуы заңды.

Егер қысқаша бір сөзбен айтар болсақ, мәдениет дегеніміз — экологиялық жүйемен, өмір салтпен етене өмір сүру тәсілі. Мәдениеті жоқ ұлт болмайды. Мәдениеті жоқ ұлт не өледі, не басқа ұлтқа жұтылады. Міне, өзіміз сөз етпек болып отырған тақырыптың не екенін осыдан бағамдауға болады.

Осыдан жиырма шақты жыл бұрын ЮНЕСКО-ның мәдениет зерттеушілері, сондағы ірі ғалымдар дүниежүзінің осы саламен айналысатын ғалымдарына бір ғана сұрақ қойып, анкета таратты. Ол “Мәдениет дегеніміз не?” деген сауал еді. Содан менің есімде үш жауап

өзіндік келбетін қалыптастыруда мәдениет атқаратын рольдің зор екені аңғарылады. Белгілі журналист, ҚР Парламенті Сенаты Аппаратының сектор меңгерушісі Орынбек ЖОЛДЫБАЙ жазушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕККЕ осы тақырып төңірегіндегі сауалдарын қойған еді...

қалыпты. Мәдениет дегеніміз, дейді жапонның ірі мәдениет зерттеуші ғалымы, жапон халқы үшін шай беру рәсімі, иә, болмаса үйдің ішін гүлмен безендіру рәсімі, икэбану деп аталады. Осы аталғандар олар үшін ең айтулы мәдениет болып табылады екен. Поляк зерттеушісі айтады, поляк халқы үшін мәдениет дегеніміз — тәтті тоқаш пісіру дейді, ұлттық тағамның шыңы сонымен көрінеді. Оны дастарханға қоюдың неше түрлі рәсімі бар. Енді мына кереметті қараңыз, Танзанияның өте жоғары білімді, дүниежүзіне белгілі мәдениет зерттеуші ғалымы Танзания халқы үшін мәдениет дегеніміз — өте әдемі татуировка жасау дейді (денесіне иенем сурет салу). Осыдан көп нәрсені аңғаруға болады. Біз үшін, біздің санамызға орныққан талғам үшін денесіне сурет салу нағыз жабайылықтың белгісі, ал Танзания халқы үшін ол мәдениеттің шыңы.

— **Демек, мәдениет дегеніміздің өзі белгілі бір халықтың дүниені қабылдау ұғымынан туындайтын өзгеше бір әлем дегенге саяды ғой...**

— Солай десе де болады. Басқаша айтсақ, ол - ұлттың тарих аясындағы өзінің ұлттық болмысын саралап көрсететін қасиеттері. Ол қасиеттер сан салалы. Ол экономикадан бастап, ғылымға дейін, заңнан бастап, адамгершілік этикаға дейін, күнделікті тұтынатын заттан бастап, піскен тамаққа дейін, қабылдаған қонақтан бастап, сөйлесетін дұшпаныңа дейін ұлттың этникалық, моральдық-этикалық дүниетаным нормаларынан, өмір салтының басқа да қырларынан көрініс табады.

Осының бәрі мәдениет. Демек, өте мәдениетті

дейтін ағылшын ба, үнді халқы ма, біз оларға солай екен деп еліктесек-ақ бітті, онда өз мәдениетімізді өлтіреміз. Сондықтан біз неғұрлым олардың мәдениетін сыйлай отырып, олардың мәдениетінің тарихи астарын сол ағылшыннан, қытайдан, үндіден терең біле отырып, өзіміздің дәстүрлі мәдениетімізді, ерекшелігімізді сақтап қалсақ, сонда ғана әлгі ұлттар бізді сыйлайтын мәдениеті бар ел қатарына қосыламыз.

Өкінішке қарай, арғы ғасырларды айтпай-ақ қояйықшы, адамзат баласының нұрлы таңы деп атаған кешегі Қазан революциясынан кейінгі кезеңнің өзінде қазақ халқы қандай жарымжан ғылыми-тарихи түсініктерге малданып келді десеңізші! Біз неғұрлым интернационал болсақ, неғұрлым өзге еліктесек (еліктеу барлық салада болды). Экономикадан бастап, заңға дейін, адамгершілік, этикадан бастап, тұрмыс-салтқа дейін, тіпті, шаруашылық өмір салтымыздан бастап, тұтынатын зат, мүліктерімізге дейін), соны мәдениетке балап келді.

Мәдениеттің өзі материалдық және рухани деп бөлінеді ғой, соның рухани жағын айтайын. Қай артисіміз, қай әншіміз Еуропаның әнін мінсіз айтса, соған атақ, абыройды аямай бердік. Соны мәдениетіміздің шыңы деп бағаладық. Біздің қадірменді әншілеріміздің көңіліне келмесін, ол

Еуропаның әнін мың жерден жақсы айтсын, бірақ бұл түпнұсқаның көшірмесі ғана. Мәселен, Италияның операсындағы арияны маңдайалды әншіміз қаншалықты нәшіне келтіріп орындаса да ол соның қайталаушысы болып саналады, яғни суррогат болып қалады. Міне, мәдениеттің төл тумалылығы жөнінде көктей шолып айтқанда осындай ойлар еске түседі.

- **Сонда қазақ халқының өзіне тән дәстүрлі мәдениетінің бастау алар көзі қайсы? Билік тарапынан жасалған неше түрлі аярылықтар мен зұлымдықтарды бастан кешсе де халқымыздың халықтық қалпын бұзбай бүгінгі күнге дейін жетуіне өлшеусіз үлес қосқан төл мәдениетіміз жөнінде де көпшілікті құлағдар ете кетсеңіз.**

- Біріншіден, біздің ұлттық мәдениетіміздің сараланып, көрші елдерге ұқсамай, тарих сахнасында өзінің дара тұлғасын анықтауы қазақ халқының жеке хандық құру кезеңінен басталады. Одан арғы кезеңдерге үңілсек, мәдениет дегеннің бүкіл түркі халқына ортақ типтік-типологиялық қасиеттерін көреміз. Тіл ортақ, дәстүр ортақ, тіптен мемлекеттік саяси бірлік ортақ. Мәдениет әлі дараланып бітпеген. Қазақ хандығы қалай оқшау құрылды, қазақ халқы өзінің тарих аренасындағы тағдыр талайын қалай даралап алды, міне, солай оның мәдениеті, ұлттық психологиясы, өмір салты, моральдық-этикалық нормалары, тіптен заңы іргемізіндегі өзбектен, қырғыздан, қарақалпақтан, түрікменнен дараланып шыға келді.

Қазақ халқының мәдениетінің шын қалыптасып, шын орнығып, өзінің қайта өрлеу дәуірін бастан кешуі XIX ғасырдың жуан ортасымен тұспа-тұс келеді. Еске түсіріп көрейік: XIX ғасырдың 20-шы жылдары мен 60-шы жылдары аралығында біздің халқымызды халық еткен ұлы тұлғалар дүниеге келді. Ғылымнан Шоқан мен Ыбырай, әннен Біржан, Ақан, Мұхит күйден Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Абылай Қазанғап, Ықылас. Сондай-ақ, XIX ғасырдың жуан ортасында қазақтың қол өнері, оның шыңы киіз ^ болса, патшаның таққа отыру тойпарына сыйға тартылып, Еуропа музейлерінің төрінен орын ала



бастады. Қол өнерінің басқа да ұсақ түрлері, сонау скиф, сақ заманындағы жануарлық стильдері қайта тіріліп, керемет ою-өрнек үлгілері жанданды.

XIX ғасырдың орта шенінде бүкіл Сарыарқаның сары белдері мен Үстірттің құба жондарында пайда болған балбал, сынтастар күні бүгінге дейін жұртшылықты таң қалдырумен келеді. Зираттық архитектура қайтадан өркендеді. Дәл сол кезеңнің арғы-бергі тұсындағы Сырым батырдан бастап Исатай, Махамбет, Кенесары-Наурызбай көтерілісіне дейінгі халық рухының дүр етіп көтеріліп, азаттық үшін жан алып, жан беруі - мұның барлығы тағы да мәдениеттің аясына сияды.

Өкінішке қарай, мұнан кейінгі кезеңде біздің мәдениет туралы ұғымымыз жарымжан күйге түсті. Кімнің үйінде хрусталь ваза болса, кімнің баласы

МӘДЕНИЕТ

жоғары оқу орнын бітірсе, кім шатырлы үйде тұрса, кім үйіне кілем тұтса, соны мәдениеттілік деп есептеді. Классикалық ұғыммен келсек, мұның барлығы мәдениетсіздік. Өйткені тұсымызға тұтқан кілем де біздікі емес, тамақ ішіп отырған үстел де біздікі емес, тамақ құйып отырған ыдыс та біздікі емес. Теледидардан көріп отырған опера мен балет те біздікі емес.

- **Сонда бұлар мәдениетке жатпай ма?**

- Мәдениетке әбден жатады. Бірақ ол бәрібір біздікі емес. Басқа мәдениетті елдердікі. Біздің төл мәдениетіміз емес. Чайковский балеттерін, Вердидің операларын өте тебіреніп көруге, тыңдауға қайталап айтамын, оған бас иіп құрметпен қарауға болады. Қайталап айтамын, ол біздің ұлттық өнеріміз емес.

- **Алайда, олар бізді рухани жағынан байытпай ма?**

- Әрине, олар бізге ешнәрсе бермейді деу әбестік. Мәдениеттің әсер, ықпалы өз алдына бөлек әңгіме. Бұл жөнінде әңгімелегенде мынаны ұмытуға болмайды. Мәдениеттің әсер, ықпалы туралы айтқанда, біздің халқымыз бастан кешкендей, басқаға көзсіз еліктеу - бұл ғылымға ғана жат емес, адамгершілікке де жат.

Шүкір, заманның желі оңынан тұрды. Мұны мәдени процестердегі оң өзгерістерден аңғаруға болады. Ол шын мәнінде болып жатыр. Шынтуайтына

келгенде. егер егемендікке қол жеткізбесек, осы сөзді халыққа айта алмас та едік. Баяғыдай бәркімізді аспанға атып, жауырды жаба тоқып, жүз биеден 200 құлын алдырып, елдің бәрін коммунизмге жетіп қапдық, қырдың астында түр дегізіп, өтірікті айтып, сыртқа еліктеп, өзіміздің асылымызды таптап, қор болған тіршілікпен кете берер едік. Түптің түбінде, бәлкім, өзге халыққа сіңіп, солардың санын көбейтіп, жоқ болып та кетер ме едік. Бақытымызға қарай уақыттың түзелгенін айтсаңызшы.

- **Салыстырмалы түрде алғанда халқымыз мәдениетінің басқа халықтар мәдениетімен ара салмағы қай дәрежеде болды деп ойлайсыз?**

- Көп уақытқа дейін қазақ халқының мәдениеті төмен болды, тіптен, мүлдем болған жоқ деп келді

ғой. Мұндай пікірмен өз басым келісе алмаймын. Біріншіден, бір ұлттың мәдениеті басқа бір ұлттан төмен деген ғалым болсын, саясаткер болсын, мемлекет қайраткері болсын, сол адамның өзінің бойында мәдениет жоқ. Ол адам мәдениеттің не екенін өзі де білмейді. Осы орайда басын ашып айтуға болады: қазақ халқын халық еткен, оның мәдениетін даралап көрсететін үш үлкен мәдени сала бар. Олар: сөз өнері, қол өнері және музыка өнері. Бүкіл театрдың жүгін, бейнелеу өнерінің жүгін, Еуропаның классика деп жүрген музыкаларының жүгін, архитектурадың жүгін, солардың бәрі беретін эмоциялық, эстетикалық рахатты осы үшеуі арқалаған. Егер мемлекетіміздің басшылары, мәдениет зерттеушілеріміз, Парламенттің мәдениетке араласып отырған мүшелері қазақ халқының мәдениетін көрсеткісі келсе, осы үшеуіне алдымен мән беруі керек дер едім.

- **Сол үш саланың біреуі - сөз өнерін дамыту саласында өзіңіз де еңбек еттіңіз ғой.**

- Дұрыс айтасыз. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде біраз уақыт жұмыс жасағанмын. Сол кездің өзінде бөлімде жүз мың қолжазба сақтаулы еді Қазақ халқының бүкіл тарихы, моралі, этикасы, ғылымы, дүниетанымы сол қолжазбада тұр "Мәдени мұра"

бағдарламасының аясында осынау асыл мұраға бірінші кезекте мән берген жөн, солай болып та жатқан сияқты.

Осы ойымды сабақтастыра келіп және бір мысал айтайын. Орыс халқында "Игорь жасағы туралы жыр" дейтін шағын ғана эпикалық туынды бар. Бізде "Игорь жасағы туралы жырмен" иықтасатын мыңға тарта шығарма бар екен. Біздің мәдениетіміздің ауқымына осы тұрғыдан қарау керек. "Игорь жасағы туралы жырға" арнап жазылған ғылыми еңбектер мыңға тартады. Ал біздің фольклорымыз туралы ғылыми деңгейде жасалған еңбектер саусақпен санарлықтай ғана.

Ал қол өнерімізді қараңыз. Бір киіз үйдің бойында сүйектің, киіздің, шидің, ағаштың, мүйіздің, металдың қосындысынан жасалған небір қайталанбас туындылар тұнып тұр. Онда халықтың дүниетанымы да бар, онда халықтың географиялық бағдары да жатыр, онда халықтың экологиялық жүйеге бейімделуі де көрініс береді, ақыр аяғында онда халықтың бүкіл моральдық-этикалық нормалары тұр. Киіз үйді оқи алған адам сөйлейді, ал оқи алмаған адам оған экзотикалық зат ретінде қараумен ғана шектеледі.

Ұлттық музыканың да ауқымы ұшан-теңіз. Бізде бес мыңдай күй бар. Авторлық күйлеріміз Қорқыттан басталады. Бұл - VIII ғасыр Содан бергі бір ғасырымыз бос емес. Қай ел авторлық композиторларын VIII ғасырдан көрсете алар еді? Бұл — мәдениетіміздің құдіретті үлгісі. Бұл — қазақ халқының төлтума болмысына жарқын айғақ бола алатын үш ұлы арнамыз. Осыларды зерттеп тану үшін бізге ағылшын келмейді, үнді келіп қол ұшын бермейді. Оны соларға таныту біздің міндетіміз. Танытыру үшін жағдай жасау - Парламентіміздің, Үкіметіміздің парызы.

Менің көкейімде, шіркін-ай әркім өз ісімен кәнігі, кәсібі түрде айналысса ғой деген тілек жатады. Өкінішке қарай, мынаған істі сеніп тапсыруға болады дейтін мәдениет зерттеушісі бізде жоқтың қасы. Бәлкім енді тәрбиеленер, енді болар. Әзірше шын жоғары білімді, әлем мәдениет зерттеушілерін, олардың ғылыми мекемелерін қанағаттандыратын мәдениет зерттеушісі бізде жоқ.

- **Ақселеу Сланұлы, мәдениет саласында өзіңіз айтып отырған кем-кетіктердің орын толтыру үшін істі неден бастаған жөн деп ойлайсыз?**

- Жалпы, мәдениет туралы алдымен бір нәрсені қолға алу керек болса, оқу орындарынан, білім мазмұнын жаңғыртудан бастаған жөн деген ойдамын. Сонан соң халықтың сан ғасырлық тарихы

кітаптарда қаттаулы жатыр. "Мәдени мұра" аясында қолға алынып отырған шаралар ішінде том-томдап кітап шығарудың бірінші кезекке қойылуы да тегін емес.

Сайып келгенде, адамзат баласының ең ізгі тіршіліктерінің барлығы мәдениетті көгертуге негізделген. Мейлі, экономика болсын, заң болсын, дипломатия болсын, шаруашылықтың неше түрін жүргізу болсын, мұның бәрі, түптеп келгенде, мәдениетке тіреледі. Бізде бұрын адамзат қолынан шыққанның бәрі мәдениеттің игілігі деген қағида басым болып келді. Мынадай сұрақ туындайды. Адамзат баласының қолынан шыққан атом, нейтрон бомбасы, химиялық қару, адамзат баласының қолымен жасалып, ақыл-ойынан өрбіген фашизм, иә, болмаса, орта ғасырлардағы кісіні өлтіруге, азаптауға, ұлтты жоюға бағытталған иезуиттік тұжырымдамалар, кісіліктің бәрін жоқ қылып, құлқынның ғана қамын ойлайтын қасқырлық психологияны дарытатын тұжырымдамалар. Бұларды да адамзат ойлап тапқан. Сонда олар да мәдениет жәдігерлерінің қатарынан орын алу керек пе?

Демек, бізде бұрын мәдениеттің өзінің теориялық тұғынамасы дұрыс болмай келді. Бұл неден шықты? Бұл ұлт дегенді жойып, тілдің тезірек тұтасуына қол жеткізе қояйық деген, мейлінше жарымжан, мейлінше қысқабақай, мейлінше үстірт ұғымнан туындаған. Мұның керісінше мәдениет деген неғұрлым әртексті, неғұрлым әр ұлтты болса, соғұрлым жарыс көбейіп, соғұрлым бір-біріне сүйсіну көбейеді емес пе?! Соғұрлым өмір қызық, соғұрлым Вернадский айтқандай, жердің адам жасаған мәдени аясы мейлінше қызғылықты бола түспек. Олай болса, бүгінгідей өз алдымызға ел болып, айымыз оңынан туған заманның адамгершілікке, ізгілікке негізделген заңдарымен қарулана отырып, шынайы мәдениет жасауды одан әрі жалғастыра берейік. Сонда ғасырлар бойы тұншығып келген қазақ халқының мәдениеті де өзінің лайықты орнына ие болмақ.

- **Мазмұнды әрі танымдық тұрғыдан пайдалы әңгімеңіз үшін көп рахмет.**

Әңгімелескен
Орынбек
ЖОЛДЫБАЙ.



Астана қаласы.

Қазақ әдебиеті. - 2005. - 23 қыркүйек. - 6-7 б.